


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ**



**АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ  
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ**

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ  
С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА  
В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ**

**Қарағанды, 2020**

**ӘОЖ 376**  
**КБЖ 74.3**  
**II 86**

**Пікір жазғандар:**

**Боброва В.В.**, п.ғ.к., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогика факультетінің дефектология кафедрасының доценті

**Қисабекова М.Е.**, «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мектепке дейінгі тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру институтының Сараптау кеңесі отырысының шешімімен баспаға ұсынылды. (2020 жылғы 26 наурыз №3 хаттама)*

**Құрастырушылар:**

Бакмаганбетова Б.Н., «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ-нің әдіскері, педагог-психологы

Ержолова Ж.А., «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ-нің басшысы

Мусаева Н.Н., «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ-нің дефектолог-мұғалімі

Сакаева А.Н., п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мектепке дейінгі тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы

Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларды инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: Әдістемелік нұсқаулық/құраст.: Бакмаганбетова Б.Н., Ержолова Ж.А., Мусаева Н.Н., Сакаева А.Н. – Қарағанды, 2020. – 64 б.

**ISBN 978-601-80784-5-3**

Әдістемелік нұсқаулықта инклюзивті білім беру жағдайында аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ерекшеліктерін ашады: балалардың осы категориясының сипаттамасы, жеке оңалту және білім беру бағытын тексеру және әзірлеу, кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру бойынша ұсынымдар.

Басылым ПМПК, аутистік спектрдің ауытқулары бар балалардың оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарының, педагог-психологтардың, дефектолог-мұғалімдердің, логопед-мұғалімдердің, білім беру ұйымдарының, медициналық және әлеуметтік мекемелердің басқа да мамандарының қызметінде пайдалануға ұсынылған.

Методические рекомендации раскрывают особенности психолого-педагогического сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра в условиях инклюзивного образования: характеристика данной категории детей, диагностика и разработка индивидуального реабилитационного и образовательного маршрута, рекомендации по организации комплексной психолого-медико-педагогической помощи.

Издание рекомендовано к использованию в деятельности ПМПК, специалистов службы психолого-педагогического сопровождения УВП детей с расстройствами аутистического спектра, педагогов-психологов, учителей-дефектологов, учителей-логопедов, других специалистов организаций образования, медицинских и социальных учреждений.

**ISBN 978-601-80784-5-3**    **УДК 376**  
**ББК 74.3**

© «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ, 2020

## МАЗМҰНЫ


	Кіріспе .....	4
1	Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама .....	6
2	Балалардағы аутистік спектрдің ауытқуларын психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі жағдайында тексеру .....	11
3	Аутистік спектрдің ауытқулары бар балалардың ерекше білім алу қажеттіліктері және оларды инклюзивті білім беру жағдайында жүзеге асыру .....	19
4	Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларға кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері .....	22
	Қорытынды .....	33

## СОДЕРЖАНИЕ

	Введение.....	34
1	Психолого-педагогическая характеристика детей с расстройствами аутистического спектра.....	36
2	Диагностика расстройств аутистического спектра у детей в условиях психолого-медико-педагогической консультации.....	41
3	Особые образовательные потребности детей с расстройствами аутистического спектра и их реализация в условиях инклюзивного образования.....	49
4	Современные подходы к организации комплексной психолого-медико-педагогической помощи детям с расстройствами аутистического спектра.....	52
	Заключение .....	61
	Литература.....	63

## КІРІСПЕ

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында әлеуметтік өзара іс – әрекет және қарым-қатынас дағдылары бұзылған балалар санының өсу үрдісі байқалады, олардың қатарына аутистік спектрдің ауытқулары (әрі қарай-АСА) бар балалар жатады. Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (бұдан әрі – ПМПК) деректері бойынша тек Қарағанды облысында ғана 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыста АСА бар 389 бала анықталды. 2015 жылдан бастап балалар саны 4 есеге өскен. Қарағанды облысы бойынша балалардың саны туралы статистикалық мәліметтер 1 суретте көрсетілген.



**1 сурет - Қарағанды облысының ПМПК - де анықталған АСА бар балалар саны туралы мәліметтер**

Біздің елімізде АСА бар балаларға тиімді кешенді қолдау көрсету мәселелері толық көлемде шешілмеген. Бұл тек инклюзивті білім беру туралы ғана емес, сонымен қатар арнайы білім беру туралы да сөз болып отыр, өйткені осы санаттағы балалардың жалпы білім беретін сыныптарда да, инклюзивтік тәжірибені енгізумен қатар арнайы сыныптар, арнайы білім беру ұйымдары жағдайында да білім алу бірдей қиын.

Қазіргі таңда педагогикалық ұжым «қолайсыз» баланы білім беру процесінен тыс шығаруға немесе осы баланың оған қатысуын айтарлықтай шектеуге тырысатын жағдай кең таралған. Мұндай мінез-құлық бірінші кезекте білім беру ортасындағы балалардың бейімделу процесінің ерекшеліктеріне қатысты педагогтардың жеткіліксіз хабардар болуымен, оқу-

тәрбие процесін түзете-педагогикалық қолдауды қажетті көлемде қамтамасыз етудің жоқтығымен немесе жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Қиындықтан шығу көбінесе мұғалімдерге баланың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін арнайы оқу бағдарламасы бойынша үйде жеке оқытуға ауысуда көрінеді. Себебі, өз үйінің әдеттегі жағдайы оқушыға оқу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді деп қате болжануда. Тәжірибе көрсеткендей, үйде жеке оқыту оң нәтиже бермейді, өйткені АСА бар баланың әлеуметтік дамуына ықпал етпейді. Мұндай оқушы үшін білімді жинақтау және дағдыларды игеру ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және нақты өмірлік жағдайларда білім мен іскерлікті пайдалану мүмкіндігіне ие болу маңызды. Соның салдарынан, АСА бар баланы үйде жеке оқыту оның жағдайын одан әрі күрделендіруі мүмкін.

АСА бар балалар үшін көпвекторлы үлгі барынша оңтайлы болып табылады, онда инклюзивті білім беру жағдайында да, жалпы білім беретін мектептегі арнайы сынып жағдайында және арнайы ұйымда да аутистік көріністердің айқын көрінуіне, баланың даму деңгейіне және ата-аналардың сұраныстарына байланысты сапалы білім алуға әртүрлі мүмкіндіктер бар. Мұндай білім беру бағыты оқушы үшін де, мұғалімдер үшін де барынша ыңғайлы болады, бұл бейімделу кезеңінен өту мүмкіндігін (жарты жылға дейін созылуы мүмкін), жеке топтан кіші және үлкен топқа өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – жалпы білім беретін мектепте АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін болжанып отырған оң нәтижеге бағытталған кешенді жүйе ретінде ашу, атап айтқанда оңтайлы дамуға қол жеткізу, әлеуметтендіру, сапалы білім беру болып табылады.

## 1. АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

АСА бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне және құрдастарының ортасында табысты оқуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер:

- әлеуметтік-эмоциялық өзара іс-әрекеттердің айқын қиыншылықтары;
- өз қызметін және мінез-құлқын ұйымдастырудағы қиындықтар, әртүрлі дәрежедегі мінез-құлық бұзылыстары;
- психикалық функциялардың айқын көрінген әрқелкі даму ерекшелігі, жалпы танымдық қабілеттерінің даму ерекшелігі;
- қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар [1].

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер, осы санаттағы балалардың әртүрлілігі оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларында, бейімделген білім беру кеңістігін ұйымдастыруда, оқу кезінде арнайы тәсілдер мен әдістерді қолдануда және АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажеттігін білдіреді.

Арнайы психологияда мұндай бұзылыстар бұрмаланған дамудың түрлі нұсқаларына жатады. Бүгінгі күні бұрмаланған дамудың екі тобын бөліп отыр:

1) көбінесе аффективті-эмоциялық саланың бұрмалануы (О.С. Никольскаяның жіктемесі бойынша ерте балалар аутизмнің 4 тобы). Бұл жіктеу мінез-құлық пен сананы аффективті ұйымдастырудың авторлық моделіне негізделген;

2) когнитивтік саланың бұрмалануы (атиптік немесе процессуалды аутизм) [2].

Әр нұсқада балада аффективті, танымдық және реттеушілік салалардың дамуы мен мінез-құлқының ерекше болуы көрініс табады.

Аутизмі бар балаларға арналған білім беру бағытын таңдау үшін педагогтар мен психологтар жұмысындағы практикалық маңызы зор О.С. Никольскаяның жіктемесіне жүгінеміз.

Автор түрлі мінез-құлықтары бар аутистік балалардың төрт тобын бөледі. Аутизмнің сипатына, ауырлығына, баланың бейімделу дәрежесіне және оның әлеуметтену мүмкіндіктеріне байланысты әрбір нұсқа басқасынан ерекшеленеді. Төменде көрсетілген төрт топқа бөлу АСА бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға саралап қарауға мүмкіндік береді [3].

*Бірінші топ.* Бірінші топтағы балаларға терең аффектті патология тән. Олар ештеңені көрмейтіндей, естімейтіндей болады, тіпті физикалық ыңғайсыздық әсер етпейді, ештеңеге мән бермейді. Алайда, кейбір жағдайларда күтпеген нәрселерді түсінетіндей болады.

Мақсатты шоғырландыру қабілетінің айқын бұзылуы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету және коммуникация дағдыларын қиындықпен меңгеруіне әкеледі. Аутизмнің болуымен сипатталады, бірақ олардың көбі басқа да қызықтырған сөзді немесе фразаны қайталай алады, ал кейде үн қатып, тіпті күтпеген жерден болған оқиғаны айтуы мүмкін. Бірақ бұл сөздер қарым-

катынасқа жатпайды және одан әрі белсенді сөздік қорында пайдаланылмайды, көрген немесе естілгеннің көрінісі болып қалады. Өзінің белсенді сөйлеу тілі жоқ болса, олардың сөйлеуін түсіну үлкен мәселе болып қалады. Мысалы, балалар өзіне айтылған ең қарапайым нұсқауларды түсінбеуі мүмкін, бірақ, сирек жағдайларда болса да, оларға қатысы жоқ айналасындағылардың әңгімелерінен естіген күрделі ақпараттарды қабылдай алады.

Бірінші топтағы балалар сурет салынған карточкалардың көмегімен коммуникация дағдыларын меңгереді, кейбір жағдайларда жазбаша сөйлеуді компьютер клавиатурасының көмегімен меңгереді. Олар сенсомоторлы тапсырмаларды шешу кезінде қосымша бетбелгілері, формалар қораптары бар тақтайлармен жұмыс жасауда өздерінің қабілеттерін көрсете алады. Алайда, олар мұндай конструкцияларды мақсатсыз бір іс-әрекет арқылы орындайды және дұрыс аяқтайды. Бұл балалардың ақыл-ойы тұрмыстық құралдармен, телефондармен, компьютерлермен және басқа да техникамен әрекеттестікте көрінеді [4].

Бірінші топтағы балалардағы аутизм дамудың ең нашар болжамына ие, өйткені ол барынша тереңдігімен және күрделілігімен сипатталады. Соның салдарынан балалар тұрақты күтімді қажет етеді. О. С. Никольская жетекші патопсихологиялық синдром ретінде сыртқы ортадан оқшаулануды анықтайды.

Сонымен қатар, бірінші топтың аутистік балалары қоршаған ортадан адамды бөліп, ажырата алады, оларда қарым-қатынас қажеттілігі мен жақындарына бауыр басу болады. Олар жақындары мен бөтен адамдарды ажыратады, бұл тактильді байланыстан және кеңістіктегі ара қашықтықтан көрінеді. Балалар ересектермен қарым-қатынасты барынша білдіруге тырысады: қолдарынан ұстайды, ересектердің қолымен оларға қажетті нәрсені көрсете алады, сол арқылы оны беруді талап етеді.

## **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ**

Бірінші топтағы балаларды түзету-дамыту үдерісінде ересектермен толық өзара іс-әрекет жасауға, құрдастарымен қарым-қатынасқа біртіндеп тартуға, әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар мен коммуникация дағдыларын қалыптастыруға және эмоциялық қарым-қатынас орнатуға болады. Бұл жұмыстың нәтижесі баланың эмоционалдық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуының мүмкіндіктерін ашады.

*Екінші топ.* Келесі сатыда аутистік дизонтогенез ауырлығы бойынша балалардың екінші тобы орналасқан. Бұл балалар қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамытуда белсендірек болады. Екінші топтағы балаларда өздерінің үйреншікті өмір түрлері қалыптасады, алайда олар қатаң шектелген ережелерін өзгертпеуге тырысады. Балалардың қоршаған ортадағы тұрақтылықты сақтауға, өмірдің әдеттегі тәртібімен, атап айтқанда: тамақтағы, киімдегі, серуендеу бағытындағы таңдаулылық тән [3].

Балалар қалыпты жағдайда қарым-қатынас жасауда тыныш және ашық болуы мүмкін. Бұл жағдайда олар әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды оңай

игереді және оларды болжамды жағдайларда қолданады. Қалыптасқан дағдылары өте берік, бірақ олар қалыптасқан әдеттегі жағдайларға өте қатты байланысты және жаңа өмірлік жағдайларға қиындықпен ауыстырылады.

Сөйлеу тілі штамптармен сипатталады. Баланың талаптары мен өтініштері сөздермен және сөз тіркестерімен екінші немесе үшінші жақта айтылады. Бұл сөздер эхолалиялар немесе әндер мен мультфильмдерден алынған сөздер негізінде қалыптасады. Сөйлеу тілі стереотипті, коммуникативтік қызметке жатпайды және белгілі бір жағдаймен байланысты болады.

Моторлы және стереотиптік сөйлеу әрекеттері, аутостимуляциялар екінші топтағы балаларда айқын білінеді. Бұл қарапайым стереотиптік әрекеттер, сондай-ақ күрделі математикалық операциялар болуы мүмкін. Кез келген жағдайда, бұл стереотипті түрде бір әрекеттің қайталана беруі. Баланың стереотиптік іс-әрекеттері оған ішкі күйлерді тұрақтандыру және сырттан келген қауіпті әсерлерден қорғау үшін маңызды. Сәтті түзету жұмысы кезінде мұндай аутостимуляцияға қажеттілік бала үшін маңыздылығын жоғалтуы мүмкін, тиісінше стереотиптік әрекеттер барынша азайтылады. Баланың іс жүзінде іске асырылмайтын мүмкіндіктері бар, олар: бірегей жады, музыкалық есту қабілеті, әртүрлі сипаттағы дарындылық болуы мүмкін. Түзете оқыту жағдайында балалардың бір бөлігі бағдарламаны арнайы ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде де меңгере алады. Алайда, бұл білімді нақты өмірде бала пайдалана алмайтын механикалық білім болуы да мүмкін.

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Екінші топтағы балаларға тән әлем көрінісінің шектеулілігі, кішігірім өмірлік стереотиптер, қоршаған орта туралы түсініктердің фрагменттілігі оларды білім беру ортасына қосу үдерісін қиындатады. Дегенмен, балалардың мектепке баруға, балалар ұжымында болуға деген ықыласы басым. Нәтижесінде балалардың мінез-құлқы жақсарады, айналадағы адамдарға еліктеп, тұрақты іс-әрекеттері жеңілдей түседі. Әлеуметтік даму мәселелері, қарқынды өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделудегі қиындықтар көп жағдайда білім беру ортасында оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын жасау кезінде еңсеріледі.

Клиникалық классификация бойынша бірінші және екінші топ балалары Л. Каннер сипаттаған балалар аутизмінің қарапайым түрлеріне жатады [6].

*Үшінші топ.* Үшінші топтың балалары жетістікке жетуге ұмтылады, олар әлеммен белсенді қарым-қатынас жасауға қабілетті, олардың мінез-құлқын мақсатты деп атауға болады. Олардың бірінші және екінші топтағы балалардан айырмашылығы, компенсаторлық қиялдарында, қызығушылықтарының қалыптасуында және аффективті қорғанудың неғұрлым күрделі формаларында. Үшінші топтағы балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі жоғары. Жетекші патопсихологиялық синдром аффективті патологияға қарсылық білдіру үшін алмастырылу болып табылады [3].



Осы топтың балалары белгісіздікке, қауіп-қатерге төтеп бере алмайды, оларға жетістікке жетуге толық кепілдік керек. Мұндай бала үшін әрдайым табысқа жету маңызды, ал қалыпты жағдайда баланың өзін-өзі бағалауы сәттілік пен сәтсіздіктің тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Бұл топтағы балаларда зерттеуге, түрлі жағдаяттармен кездесуге деген қабілеттері өте аз, олар тек өздері шеше алатын міндеттерді ғана қабылдайды.

Балалар үшін адамдармен шынайы байланысқа түсу қиын болғанымен, олар монологқа қабілетті болады. Олардың сөйлеу тілі анық және ересек адамдарша болуы мүмкін, өйткені ол грамматикалық дұрыс құрылған, жақсы сөздік қорынан тұрады.

Үшінші топтағы балалардың зиятының дамуы жиі жақсы әсер қалдырады. Балалар ақпаратты ретімен қалыптастырудан, оны жүйелендіруден ләззат алады, бірақ бұл қызығушылықтары мен ақыл-ой әрекеттері де стереотипті және олар үшін аутостимуляцияның түрі болып есептеледі [7].

Бұл топтың балаларына моторлы сфераның біршама дамымауы тән, олар ебедейсіз болады, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қиын қалыптасады, бұл зияты мен сөйлеу тілінің дамуындағы оң нәтижелерге қарама-қарсы ерекшеліктер болып табылады. Әлеуметтік дағдылардың дамуының, берілген нұсқаулықтарды түсіну мен талдаудың қарапайым бұзылуы байқалады. Адамдармен қарым-қатынасқа түсіп, достасуға ұмтылғанымен, оларды түсіну қиынға соғады.

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Үшінші топтағы балалардың әлеуметтік бейімделуі бірінші және екінші топтағы балаларға қарағанда табыстырақ. Балалар инклюзивті білім беру жағдайында мектептің жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқиды. Үнемі үздік бағалар ала алады, бірақ олар қарым-қатынасқа түсу дағдыларын, қоршаған орта туралы білімдерін, қызығушылықтарын, өмірлік құзыреттілік дағдыларын арттыру үшін үнемі арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет етеді.

*Төртінші топ.* Төртінші топтағы балаларда аутистік белгілер аз болады, аффектілік және сенсорлық салалардағы бұзылыстар да аз білінеді. Негізгі патопсихологиялық синдром ретінде айналадағылармен қарым-қатынастың қиындығы болып табылады. Төртінші топтағы балалардың аутизмінің ерекшелігі болып айналадағылардан қорғану емес, бірінші кезекте қарым-қатынас қиындығы, осалдық, әлсіздік, байланысқа түсе алмау мәселелері болып табылады. Балаларда алаңдаушылық, жеңіл сенсорлық ыңғайсыздық байқалады, сәтсіздіктер кезінде және әдеттегі іс-әрекеттің өзгеруі немесе бұзылуы кезінде қорқыныш сезімі пайда болады [3].

Осы топтың балалары әлеммен қарым-қатынасын ересек адам арқылы жанама түрде құруға ұмтылады, олардың ерекшеліктері осыд.

Тек төртінші топтың балалары байланысқа түсудегі үлкен қиындықтарға қарамастан, адамдармен қарым-қатынас орнатып, сөйлесуге тырысады.

Балалардың психикалық дамуының тежелуі біркелкі жүреді. Ірі және ұсақ моториканың нашарлығы, іс-қимылдар жасаудың қиындықтары, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеру, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі, баяу болуы, зиятының біркелкі дамымауы, ойын мен қиялдың шектеулілігі – төртінші топтағы балалардың жарқын сипатты белгілері. Олардың жетістіктері бұл жерде бейвербалды аймақта байқалады.

## **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ**

Егер төртінші топтағы балалармен түзету жұмыстары дер кезінде басталатын болса, олардың психикалық дамуы мен әлеуметтендірілуі сәтті болады деп болжауға болады. Балаларда парциалды дарындылық және оны жүзеге асыру перспективалары кездеседі. Клиникалық жіктеулермен салыстырғанда төртінші топтағы балалар функционалдығы жоғары аутизмі бар балалар ретінде бағалана алады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, аутизмі бар балалар санаты аутистік көріністердің ауырлығы бойынша әртүрлілігімен, қосарланған зият және сөйлеу тілі бұзылыстарының кең ауқымымен сипатталады. Әрине, аутизмі бар балалар білім беру бағытын анықтау кезінде терең сараланған көзқарасты қажет етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігінің сипатына қарай, аутизмі бар балаларды оқыту - жалпы білім беру бағдарламасы, қысқартылған жалпы білім беру бағдарламасы, инклюзивті білім беру жағдайында қарапайым сыныпта арнайы жеке оқу бағдарламасы бойынша, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау ала отырып (сабақтарда жеке ықпал жасаудан, психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог мамандары іске асыратын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуіне дейін), сондай-ақ арнайы сыныптар, арнайы мектептер және арнайы мектептер жағдайында, баланың ата-анасының (заңды өкілдерінің) таңдауына байланысты арнаулы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

## 2. БАЛАЛАРДАҒЫ АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ЖАҒДАЙЫНДА ТЕКСЕРУ

ПМПК жағдайында АСА бар балалардың эмоциялық сферасының ерекшеліктерін тексеру маңызды орын алады және оны мамандардың пәнаралық тобы жүзеге асырады:

- дәрігерлер: психиатрлар, невропатологтар, офтальмологтар;
- педагогтар: психологтар, логопедтер, дефектологтар.

Зияттың дамуының диагностикасы стандартталған бейімделген, соның ішінде вербалды және бейвербалды әдістер бойынша жүргізіледі. Эмоциялық-коммуникативтік дамуды және мінез-құлық ерекшеліктерін диагностикалау кезінде негізінен бақылау және әңгімелесу әдістері қолданылады.

М-СНАТ тесті ұсынылады, ол 30 айға дейінгі балалардың ата-аналарымен толтырылады [9] және аутизм қаупінің болуын анықтайды. Бұл әдістеме ата-аналардың өз баласының ерекшеліктерін субъективті қабылдауына негізделеді. Әдістеме «өтірік жауаптың» болуын болжамайды, нәтижесінде мамандар ата-аналардан толық емес мәліметтер алады. Мәселен, ПМПК тәжірибесінде мамандар баланың мінез-құлқының өзгеше ерекшеліктерін байқайтын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, бала тексеру барысында өз атына жауап бермейді. Ал ата-аналар М-СНАТ-тағы «2. Өз атына жиі жауап бермейді» – деген сұраққа керісінше жауап береді.

ПМПК мамандарының пәнаралық тобымен АСА бар балаларды тексерудің бағыттары мен мазмұнын толығырақ қарастырайық.

*Педагог-психологтың тексеруі.* ПМПК-ның педагог-психологы эмоциялық-еркі және мінез-құлқы бұзылған балаларды тексеру кезіндегі жетекші маман болып табылады, олардың қатарына АСА бар балалар жатады. Бұл категориядағы балалардың басты ерекшеліктері байланыс пен әлеуметтік өзара қарым-қатынастың күрделі бұзылуынан, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің стереотиптік формаларынан, психикалық дамудың асинхрондылығынан тұрады [9].

### МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Лорна Винг триадасы көріністеріне назар аударатын болсақ, ол әлеуметтік өзара байланыс, қарым-қатынас/коммуникация және қиял салаларындағы бұзушылықтарды қамтиды. Осыған байланысты АСА бар балаларды тексеру кезінде осы салалардағы бұзушылықтарға назар аудару қажет [10].

Аутизмі бар балаларды тексеру кезінде педагог-психолог баланы бақылау және ата-анаға сұрақ қою әдісін қолданады (оның ішінде М-СНАТ – 12 сұрақтан тұратын нұсқасы).

Диагностика барысында баланың басқа ересектермен және өз ата-анасымен қарым-қатынас орнату ерекшеліктері маңызды орын алады. Баланың көзбен қарым-қатынас орнатуының ерекшеліктері, тапсырмаларға

және ата-аналардың шығып кетуіне эмоционалды назар аудару ерекшеліктері бақыланады. АСА бар бала адамдармен қарым-қатынасқа түсе алмайды, көзге қарамайды. Ата-ананың тексеру бөлмесінен шығып кетуі кезінде баланың мінез-құлқының негізгі ерекшеліктері:

- анаға шамадан тыс бауыр басу;
- ата-анасының шығып кетуі мен қайтып кіруіне назар аудармауы.

«Тепе-теңдік феномені» белгілерінің болуы байқалады: дәмдік таңдаулары, әдеттегі нәрселерге бейімділік, жаңа жағдайлардан қорқу, пазлдарды жинаумен әуестену және т. б.

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Психологтың АСА диагностикасының ерекшелігі – оның балаға икемделуі немесе имитация әдісін қолдануы. АСА бар баланың еркін мінез-құлқында оның қозғалыс ырғағына икемделіп, оның әрекеттерін қайталап, осындай қарым-қатынас орнату арқылы өзіне бейімдеу, кейін алдымен жеңіл және одан әрі күрделі тапсырмалар ұсыну қажет.

Республикалық ПМПК ұсынымдары бойынша педагог-психологтар О.С. Никольскаяның жіктемесі бойынша аутизм түрін анықтайды. Алдыңғы бөлімде көрсетілгендей, бөлудің негізгі критерийлерімен сыртқы ортамен өзара қарым-қатынастың бұзылуының сипаты мен дәрежесі және аутизмнің өзі анықталған [3]. Бірінші топтағы балаларда - сыртқы ортадан оқшаулану, екіншісінде - одан бас тартуы, үшіншісінде - оны алмастыру және төртіншісінде – қоршаған ортада баланың тежелуі туралы айтылады [11].

Жоғарыда аталғандар, оған қоса эмпатия, қадағалау, психологтың кәсіпқойлығы қорытындының дәлдігін, ұсынымдардың бала қажеттіліктеріне барабарлығын және жалпы түзету-дамыту бағытының табыстылығын анықтайды. Педагог-психологтың балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны 1-кестеде көрсетілген.

### **1-кесте – Педагог-психологтың балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны**

<b>Тексерудің бағыттары</b>	<b>Тексерудің мазмұны</b>
Танымдық сафераның диагностикасы (вербалды және бейвербалды әдістер)	Зейін қасиеттерінің ерекшеліктері
	Жад ерекшеліктері
	Қоршаған орта туралы хабардарлығы
	Сеген тақталары
	Коос текшелері
	Равен матрицалары
	Артығын алып тастау
Эмоциялық-ерік саласының диагностикасы (М-СНАТ, бақылау, ата-аналарға сұрақ қою)	Көз байланысы
	Жақындарымен қарым-қатынасының өзгеруі
	Жаңа адамға әрекетінің өзгеруі
	Нарушения общения с детьми
	Физикалық қатынасқа әрекетінің өзгеруі

	Ауызша нұсқауларға әрекетінің өзгеруі (есіміне, белгі қимылдарының болмауы, қарсыласу, сілтемелік қимыл және т.б.)
	Жалғыздық кезіндегі мінез-құлық ерекшеліктері
	Қорқыныштар
	«Тепе-теңдік феномені»
	Өзін-өзі сақтау сезімінің болмауы
	Стереотиптер
	Қарым-қатынас сипаты
Зерттеу нәтижелерін талдау	Зиятының даму деңгейін анықтау. О. С. Никольскаяның жіктемесі бойынша аутизм тобын анықтау

Психиатр-дәрігердің тексеруі. ПМПК-дегі психиатр-дәрігер өз қызметінде ҚР-ның «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіні [12], 10-қайта қарау бойынша АХЖ[13], диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа алады. Аутизм (№9 хаттама) [14].

Диагноз қою үшін өмірінің алғашқы үш жылы ішінде баланың дамуының бұзылу белгілері болуы тиіс. «F84.0 Балалар аутизмі» диагнозын қою кезіндегі бұзушылықтар мынадай белгілерден тұрады: әлеуметтік өзара әрекеттесудегі айқын бұзылыстар, коммуникациядағы айқын бұзылыстар.

ПМПК-де психиатр-дәрігердің балалар аутизмінің диагностикасы ата-аналардың шағымдарын тыңдауға, әңгімелесуге, сауалнамаларды толтыруға және баланы бақылауға негізделеді [8, 13, 14]. Педагог-психологтың, дефектолог-мұғалімнің, логопед-мұғалімнің, ПМПК-дегі басқа дәрігерлерінің тексеру нәтижелерін, анамнез деректерін, психикалық даму тарихын талдауға ерекше көңіл бөлінеді.

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Психиатр-дәрігердің кәсіби жеке диагнозы ПМПК мамандарының кәсіби жеке диагнозымен бекітілген, яғни бір ғана жеке пікірдің нәтижесі болып табылмайды (емханалардағы психиатр-дәрігерлерден айырмашылығы).

Психиатр-дәрігердің АСА бар балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны 2-кестеде көрсетілген.

### 2-кесте – Психиатр-дәрігердің АСА бар балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны

Тексерудің бағыты	Тексерудің мазмұны
Ата-ананың шағымдарын анықтау	Сөйлеу тілінің дамуының тежелуі және бұзылуы, айналасындағыларға немқұрайлы қарау, айтылған сөзді елемей, стереотипті

	әрекеттерге бейімділік, ойындардың, қызығушылықтардың және т. б. бірсарынды, өзгеше болуы
Отбасылық анамнезды жинау	Жалпы тұқым қуалаушылықты, ата-анасының, жақын туыстарының мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау
Қоршаған ортаға деген қарым-қатынасының жалпы ерекшеліктері	Бала бөлмеге қалай кіреді, оның мимикасы, қимылы, адамдарға жансыз заттар сияқты қарым-қатынасы, бейтаныс адамдарға әрекеті, анамен тактильді қарым-қатынас қажеттілігі
Коммуникативтік қызметтің ерекшеліктері	Көздің байланысы, жанасу әрекеті, өз атына әрекеті, ауызша қарым-қатынас
Заттық және ойын, бейнелеу қызметі	Заттармен олардың мақсатына сәйкес іс-әрекеттер, ересектердің тұрмыстық іс-әрекеттері, ойын әрекеттерінің сипаты, олардың дұрыс болуы
Танымдық іс-әрекет (жалпы орындау тәсілдері, сөйлеу ерекшеліктері)	Іс-әрекеттің дұрыстығы, тапсырмаларды орындау тәсілдері, орындау барысында үйрену қабілеті, нәтижелерге қарым-қатынасы. Сөйлеу функциясының ерекшеліктері және даму деңгейі. Сөйлеу тілін түсіну, дауыстық және сөйлеу жағы, аутистерге тән ерекше феномендер. Сөйлеудің пайда болу жағдайлары (вокализация, сөйлеу, сөйлеу штамптары), олардың маңызы.
Зерттеу нәтижелерін талдау	«F84.0 Балалар аутизмі» диагнозын қою.

*Логопед-мұғалімнің тексеруі.* ПМПК-нің Логопед-мұғалімі логопедиялық диагноз қоюда О.С. Никольская бойынша жіктемені қолданады [3, 9].

*Бірінші топ:*

– мутизм (сөйлеу қарым-қатынасына талпынысы болмауы салдарынан сөйлеу тілінің болмауы);

– өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін эпизодтық сөздер мен сөз тіркестерін айту;

– коммуникативтік бағытсыз сирек сөздердің, кешеуілдеген эхололиялардың болуы (ауто стимуляция құралы ретінде пайдалану);

– өзіне айтылған сөздерге назар аудармау, нұсқауларды елемей;

– қызығушылық танытқан жағдайларда, өзіне жеке айтылмаған сөздерді түсіну;

– әртүрлі вокализациялар, шыңғыру, гуілдеу, ысқыру сияқты дыбыстарды жиі шығару;

– арнайы оқытусыз ішкі және жазбаша сөйлеу тілін дамыту [3].

*Екінші топ.*

– алғашқы сөздердің (ерекше), жеке сөз тіркестерінің ерте немесе уақтылы пайда болуы;

– сөйлеу тілінің коммуникативтік бағыттылығының болмауы немесе төмендеуі, сөйлеуді аутостимуляция құралы ретінде пайдалану: бір өлеңдерді, аффективті сөздер мен сөз тіркестерін, жеке анық сөз тіркестерін стереотипті түрде қайталау;

– сөйлеу тілін белсенді пайдалану қиындықтарының болуы: эхололиялар, сөйлеу стереотиптері мен штамптар, есімдіктерді дұрыс пайдаланбау, диалогқа қатыспау және өз ойын жеткізе алмау, айтылған сөздерді түсінудегі қиындықтар;

– сөйлеу тілі просодикасының бұзылуы: өзіндік интонациясы бар сөйлеу тілі

– тілдік дарындылық көріністері: неологизмдер, мағынасы күрделі сөздер [3].

*Үшінші топ:*

– ерте жастан және сөйлеу тілінің жоғары дамуы, сөздік қорының байлығы, күрделі сөз тіркестер мен сөйлемдердің болуы;

– ересек адамдардың сөздерін, штамптар мен цитаталарды өзгермеген түрде қолдану;

– монологтардың болуы, бірақ диалогқа түсудегі қиындықтар (жеке сұраққа жауап бере алады, бірақ диалогқа түсу қиын немесе мүмкін емес);

– сезімдерін, мұқтаждықтарын, ниеттерін және әсерлерін білдіре алмау;

– сөйлеу ырғағы мен дыбысталуының бұзылуы: сөйлеу тілі жылдам, анық емес, бірсарынды, интонациялық кідіріссіз, дыбыстар мен сөз бөліктерін "жұтып қою" [3].

*Төртінші топ:*

– сөздерді қабылдау қиындықтарының болуы: баяу түсіну, толық сөйлемдерді нашар түсіну;

– контекстік сөйлеуді түсіну қиындықтарының болуы;

– қарым-қатынас барысында сөйлеуді белсенді және орынды пайдалануды білмеу;

– сөйлеу тілінің бұзылыстары: сөйлеу тілі анық емес, дислалиялы, лексикалық кедей және грамматикалық дұрыс емес [3].

Логопед-мұғалімнің АСА балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны 3-кестеде көрсетілген.

### **3-кесте – Логопед-мұғалімнің балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны**

<b>Тексерудің бағыты</b>	<b>Тексерудің мазмұны</b>
Тілдік даму ерекшеліктері	Бұрын гуілдеу, былдырлау, алғашқы сөздер болуы мүмкін. Бұл ретте алғашқы сөздері ерекше ("бер", "ал"сөздері жоқ). "Мен" деген сөз жоқ, стереотипті штамптар жиынтығы, 2,5-3 жасында сөйлеу тіліндегі регресс. Мутизм.
Сөйлеу тілінің дамуының спецификалық	Сөздер, штамп сөз тіркестері, сөздердің



ерекшеліктері	коммутативтілігі, сөйлеу тілінде қарым-қатынастың болмауы, сөйлеудегі автономдық, есімдіктердің кеш пайда болуы немесе болмауы. Сөйлеу семантикасының бұзылуы,, неологизмдер болуы мүмкін. Айтылған сөздерді түсінуі қиын.
Сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің даму деңгейі	Фонетико-фонематикалық, лексика-грамматикалық, сөз тіркесті және байланысқан сөйлеу тілі, жазбаша сөйлеу тілі.
Зерттеу нәтижелерін талдау	Логопедиялық диагноз қою.

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

АСА бар балаларды логопедиялық тексерудің ерекшелігі – баламен вербалды қарым-қатынас орнату қиындығы, кейде тіпті мүмкін еместігі. ПМПК-нің логопед-мұғалімі педагог-психологтың тексеруі барысында баланы бақылау және ата-анадан сұрау арқылы баланың тілдік дамуына баға береді. ПМПК тәжірибесінде ата-аналар сабақ кезіндегі немесе балаға үйреншікті үй жағдайындағы баланың сөйлеу тілінің белсенділігін бейнематериалдарын ұсынуы мүмкін.

*Дефектолог-мұғалімнің тексеруі.* ПМПК-дегі дефектолог-мұғалімнің педагогикалық тексеру мазмұнына мыналар кіреді: қоршаған орта туралы жалпы түсініктері мен білім қорын анықтау, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды және жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын меңгеруін, жетекші қызметтің қалыптасу деңгейін анықтау және білім берудің әртүрлі сатысындағы бағдарламаларды меңгеру деңгейін анықтау.

Бірінші және екінші топтағы аутистік баланың мінез-құлықтық ерекшеліктеріне байланысты педагогикалық тексеру жүргізу өте қиын. Бұл жағдайда ПМПК-нің дефектолог-мұғалімі мәліметтерді ата-аналармен әңгімелесуден, білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен педагогтарының мінездемелерінен және баланы бақылаудан алады.

Жеке салалардағы (тарих, әдебиет, биология, шахмат және т.б.) білімдерің жоғары деңгейде қалыптасқанымен, бұл балалардың білімін, іскерлігін, дағдыларын тек белгілі жағдайларда ғана пайдаланатындығын атап өту қажет.

Тексеруді баланың белсенділігін, оның заттық, ойын әрекеттерінің әртүрлілігін белгілей отырып, баланың өзіндік қызметін бақылаудан бастаған жөн. Егер бала ойыншықтармен әрекет жасамаса, ересек адамның ойыншықтарды және олармен әрекет жасау тәсілдерін біртіндеп өзі қосып, ұсына бастайды, ойынды өз бетімен ойнай бастайды. Бұл жағдайда төмендегілерді зерттеу қажет:

- өзінің ойынын ұйымдастыру қабілеті;
- баланың ересек адамның ойыншықтармен әрекет ету тәсілдеріне еліктеу мүмкіндігі мен қабілеті;
- баланың ересектермен бірлескен ойынға қатысу мүмкіндігі[9].
- Заттық және ойын іс-әрекетінің сипаттамасы мен бағалауын келесі ерекшеліктер бойынша жүргізу ұсынылады:



- заттық іс-әрекеттер мен ойынға деген қызығушылығының болмауы немесе төмендеуі;
- заттық және ойын іс-әрекетінің дамуының жасына сәйкес келмеуі;
- заттық және ойын әрекеттерінің дұрыс болмауы; стереотиптілік, іс-әрекеттердің біртектілігі;
- жетекші әрекеттің орнын басатын басқа да қызмет түрлерінің болуы: кітаптар, музыка тыңдау, мультфильмдер карау, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және т. б.;
- эмоциялық әсерлердің бұзылуы (ойын жағдайындағы эмоционалдық көріністерінің дұрыс болмауы) [9].

Мектепке дейінгі жастағы АСА бар балалардың ойын әрекетінің ерекшеліктері 4-кестеде көрсетілген.

#### 4-кесте – Мектепке дейінгі жастағы АСА бар балалардың ойын әрекетінің ерекшеліктері

Тексерудің бағыты	Тексерудің мазмұны
Ерте мектепке дейінгі жас (3 жасқа дейін)	Заттың функционалдық белгісіне қызығушылықтың болмауы, ойыншықты елемеу. Сенсорлық әсер беретін ойыншыққа жатпайтын заттармен манипуляциялар, көп мәрте қайталанатын стереотипті әрекеттер.
Мектепке дейінгі кіші жас (3-тен 4 жасқа дейін)	Жекелеген заттық және іс-ойын әрекеттері. Іс-әрекеттері фрагментті, стереотипті, әлеуметтік іс-әрекеттерді жасауға қызығушылықтың болмауы.
Мектепке дейінгі орта жас (4 жастан 5 жасқа дейін) Мектепке дейінгі ересек жас (5-тен 7 жасқа дейін)	Сюжеттік және сюжеттік-рөлдік ойындар өздігінен және толық деңгейде дамымайды. Рөлдік ойындар коммуникативті емес, жалғыз, жеке жерде, әлеуметтік және коммуникативтік бағытсыз, логикалық дамусыз және сюжетті аяқтаусыз ойнайды. Бір ойыншықпен ғана стереотиптік, біртектес заттық және ойын әрекеттері. Басқа балалардың болуын қажет етпейді. Ойын аутодиалогтарға толы (өзімен сөйлесу). Ойындарында сюжеттерді жиі қайталау және заттармен манипуляторлық әрекеттер көп.

### МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Психологиялық-педагогикалық тексеру барысында анықталған аутизмі бар балалардың заттық және ойын іс-әрекеттерін қалыптастырудың ерекшеліктері мен бұзылыстары педагогикалық қорытынды түрінде ресімделеді: 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін "коммуникативтік бұзылыстарға байланысты заттық қызметтің қалыптасуының тежелуі" және үш жастан кейінгі балалар үшін "коммуникативтік бұзылыстардыға байланысты ойын іс-әрекетінің қалыптасуының бұзылуы".

Дефектолог-мұғалімнің мектеп жасындағы балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны 5-кестеде көрсетілген.

## 5-кесте - Дефектолог-мұғалімнің мектеп жасындағы балаларды тексеру рәсімінің бағыттары мен мазмұны

Тексерудің бағыты	Тексерудің мазмұны
Мектеп өмірінің жалпы тәртібін меңгеру, мінез-құлықтың және моториканың ерекшеліктері	Сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін, оқу қызметін еркін ұйымдастыру. Тез шаршау және жалығу, зейінді шоғырландыру, мұғалімнің нұсқаулықтарын орындау, көңіл бөлу және гипербелсенділік, теріс эмоциялық әрекеттер мен мінез-құлықтың болуы. Ірі және ұсақ моториканы дамуы (моторлы ебедейсіз)
Негізгі оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасын меңгеру	Айтылған сөзді түсінуде және өз ойын құруда қиындықтардың болуы. Білім мен дағдыларды формальды меңгеру, дұрыс пайдалану, басқа тапсырмаларға логикалық көшу және т. б. қабілеттіліктерінің төмендеуі.
Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру	Мектеп өмірінің түрлі салаларында мұғалімдер мен құрдастарымен өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар мен мәселелер

### МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Педагогикалық тексеру барысында анықталған аутизмі бар балалардың оқу іс-әрекетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен бұзушылықтары келесі педагогикалық қорытындылар түрінде ресімделеді: "коммуникативтік бұзылыстарға байланысты оқу іс-әрекетін қалыптастырудың қиындықтары" және екінші оқу жылынан бастап балаларға "коммуникативтік бұзылыстарға байланысты оқу іс-әрекетін қалыптастырудың бұзылуы". Соңғысы баланың интеллектуалдық және мінез-құлықтық бұзылуының салдарынан жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мүмкін болмаған жағдайда қойылады.

Осы бөлімді қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептердегі АСА бар балалардың тиімді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін ұйымдастыру үшін ПМПК мамандарының кешенді тексеруі алғашқы қажетті шарт болып табылады. Жоғарыда көрсетілген тексеру бағыттары мен мазмұны мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарына АСА бар балалардың ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға көмектеметін болады.

### **3. АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес АСА бар балалар келесі бағдарламалар бойынша оқи алады:

- жалпы білім беретін оқу бағдарламалары;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) бойынша қысқартылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін бағдарламалар;
- ақыл-ой кемістігі бар (жеңіл, орташа) балаларға арналған арнайы оқу бағдарламалары [15].

Жоғарыда көрсетілген бағдарламалар бойынша АСА бар балалардың білім алуына мемлекет кепілдік береді.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру тұратын жеріне жақын болуы керек. Жалпы білім беру үдерісіне сәтті қосылудың бірінші және қажетті шарты оның оңалту және білім беру бағытын одан әрі әзірлеу үшін АСА бар баланың ерекше білім алу қажеттілігін анықтау болып табылады. Осы бағытты әзірлеу кезінде келесі маңызды ережелерді басшылыққа алу керек:

1. Барлық балалар жалпы білім беретін мектепте білім алуға және тұратын жеріне жақын жерден сапалы білім алуға құқылы. Әр бала мектепке лайық!

2. АСА бар бала қарым-қатынасты, әлеуметтендіруді қажет етеді, сондықтан осы санаттағы балаларды үйде жеке оқытудың қажеті жоқ!

3. АСА бар баланы арнайы сыныптар немесе арнайы мектептер жағдайында оқыту қажет емес, өйткені ол коммуникативті функциялары сақталған және мінез-құлықтық бұзылыстары жоқ құрдастарының ортасында болуы тиіс.

4. Әрбір оқушы оқу-тәрбие процесін инклюзивті білім беру жағдайында жекелендіру және педагог-психологпен, дефектолог-мұғаліммен, логопед-мұғаліммен, әлеуметтік педагогпен, тьютормен кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге құқылы(қажеттілік болса).

АСА бар балаларда ерекше білім беру қажеттіліктерінің 3 блогы анықталуы мүмкін:

1. Бастауыш кезеңде, мектептегі оқытудың алғашқы айларында аутизмі бар баланы білім беру кеңістігіне қосуды қамтамасыз ететін қажеттіліктер.

2. Оқу бағдарламасын меңгерудің қиындықтарымен және әмбебап оқу іс-әрекеттерін әзірлеумен байланысты қажеттіліктер.

3. Эмоционалдық-еріктік және тұлғалық даму мәселелеріне байланысты қажеттіліктер [17].

Жоғарыда көрсетілген ерекше білім беру қажеттілігінің блоктарының мазмұнына толығырақ тоқталайық.

*АСА бар баланың ерекше білім алу қажеттіліктерінің бірінші блогы*

Бұл блокқа оқудың алғашқы апталары мен айларындағы баланың мектеп оқуына енгізілуі кезеңінде өзекті болатын ерекше білім беру қажеттілігі жатады. АСА бар балаларға мектепте өмір сүру тәртібін меңгерудің қиындықтарын жеңу үшін және оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін көмек қажет. Осы мақсатта мынадай жағдайлар жасау және ұсыныстарды орындау қажет:

– баланың оқу қызметін ұйымдастыруға көмектесетін мұғаліммен және мамандармен (тьютор, педагог-психолог және т. б.) эмоциялық байланыс орнату;

– бір сабақтан екіншісіне ауысудың уақытының тәртібі, жалпы мектеп күні, мектеп кеңістігінде бағдарлануда жеке көмек көрсету;

– мұғалімнің балаға жеке көңіл бөлуге мүмкіндік беретін және сабақ кезінде оның теріс әрекеттерінің пайда болу ықтималдығын азайтатын баланың сынып бөлмесі мен жұмыс орнын ұйымдастыру;

– эмоциялық тыныш, сенсорлық ыңғайлы, сабақ пен мектеп өмірінің жағымды ортасы.

– баланың бүкіл мектеп өмірін ұйымдастырудың нақты уақыттық-кеңістіктік құрылымын құру және қолдау – болып жатқан жағдайды жақсы түсінуге, тәртіпті меңгеруге және өзін ұйымдастыруға көмектеседі. Көмек, ең алдымен, сабаққа дайындалу, баланың өз заттарын орналастыру кезінде, өтініш немесе сұрақ қою қажеттілігі туындаған жағдайларда қажет болады; сонымен қатар, стереотиптілігінің болуына байланысты АСА бар бала белгіленген тәртіпті тым қатаң ұстай алады (және бұл өз кезегінде психологиялық түзету көмегін қажет ететін болады) [17].

*АСА бар баланың ерекше білім алу қажеттіліктерінің екінші блогы*

Ерекше білім беру қажеттіліктерінің екінші блогы мектеп бағдарламасын меңгеру және әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру қиындықтарымен байланысты. Аутистік ауытқулары бар төменгі сынып оқушыларына арнайы педагогикалық көмек қажет болады, атап айтқанда, оқу мәтінінің «өз сөздерімен» мазмұндап айтуын қалыптастыруда; сюжеттік сурет бойынша және суреттер қатары бойынша әңгіме құрастыруда; ауызша берілген жағдайлармен математикалық есептерді шығаруда. Моторлы қиындықтарға байланысты жазу дағдыларын меңгеру, сондай-ақ дене шынықтыру және технология сабақтарында мәселелер (яғни, көмектің қажеттілігі) туындауы мүмкін. Аутизм кезінде қарапайым утилитарлық тапсырмалар барысында ақпаратты белсенді өңдеу және бар білімді белсенді қолдану қиындықтарына байланысты, оқу іс-әрекетінде жоспарлау мен бақылауды қалыптастыруға, мәліметтер мен дағдыларды бір пәннен екіншісіне ауыстыруға, аутизмі бар баланың дүниесінің тұтас, бірыңғай және

өмірлік тәжірибесімен байланысты көріністерін қалыптастыруға көмек қажет болады [17].

*АСА бар баланың ерекше білім алу қажеттіліктерінің үшінші блогы*

Ерекше білім беру қажеттілігінің үшінші блогы аутистік ауытқулары бар балалардың эмоционалдық-тұлғалық дамуының жалпы қиындықтарымен байланысты.

Көптеген АСА бар балаларда өздерінің ішкі әлемі айтарлықтай дәрежеде бөлінбеген, жеткілікті деңгейде вербализацияланбайтын болып қалады. Өзіндік сананың дамымауы басқа адамның нашар түсінуіне, әңгімелесушімен қарым-қатынаста икемділіктің жеткіліксіздігіне әкеп соқтырады. Таңу деңгейі мен өзін-өзі бағалау сияқты маңызды тұлғалық механизмдері жетілмеген және балаға жағдайға бейімделуге нашар көмектеседі. Өзінің ішкі әлемі мен басқа адамдардың әлемін ұғынуға, баланың жеке аффектілік тәжірибесін түсінуіне көмектесу – аутизмі бар баланың жеке және топтық жетістікке деген ұмтылысын жандандыра алады, оны сәтсіздіктерге барынша төзімді ете алады [17].

#### 4. АУТИСТИК СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА КЕШЕНДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі таңда аутизмді түзетудің ең тиімді құралдарының бірі АВА-терапия немесе мінез-құлықты қолданбалы талдау әдісі (Appliedbehavioranalysis) болып табылады. Әрі қарай бұл терминдерді синонимдер ретінде қолданатын боламыз.

Мінез-құлықты қолданбалы талдау әдісін АҚШ Денсаулық сақтау қызметі мен американдық психологтар қауымдастығы мақұлдап, қабылдаған. Бұл әдіс ғылыми тестілеуден өткен, яғни оның сапасын және тиімділігін растайды. Бұл әдіс келесі артықшылықтарға ие:

- зейін мен жад қасиеттерін реттейді;
- коммуникациялық қабілеттілікті дамытады және сөйлеу тілінің дамуына ықпал жасайды;
- оқу процесін сүйемелдейді және мінез-құлықты қажетті арнаға бағыттайды;
- әлеуметтендіруге көмектеседі [18].

АВА-терапия-бұл қарқынды оқыту бағдарламасы, оның бастамасын оқыту әдістері мен мінез-құлық технологиялары құрайды. АВА-терапияның негізі - адам мен қоршаған ортаның өзара байланысын түсіну[19]. АВА-терапия ақпаратты меңгеру мен қабылдауда, есте сақтау мен сөйлеуді дамытуда қиындықтар байқалатын балалар мен ересектерді оқыту мен мінез-құлқына байланысты міндеттерді шешу үшін арнайы педагогикада кеңінен қолданылады. АВА-терапия бірнеше бағыттар мен техникаларды қамтиды, атап айтқанда:

1. Жүйелі қайталауға негізделген *кешенді байқау*. Оқу бағдарламасын меңгеру үшін өңделетін бөліктерден тұрады. Бұл бағыт тәжірибе мен үнемі қайталаудың ақпаратты игеруге қалай көмектесетінін түсінуге ықпал етеді. Сабақтар бір оқушымен жеке өтеді. Белгілі әрекеттер бекітіледі, мысалы, баланың назарын аудару үшін "Бесті әкел!" және т.б.

2. *Кездейсоқ оқыту немесе қарапайым ортадағы бағдарламалар*. Бұл бағыт оқыту процесінде қарапайым ортаның маңыздылығын көруге мүмкіндік береді. Баланың қарапайым ортадағы мінез-құлқына назар аударылады. Баланың қоршаған ортадан алған дағдылары күнделікті өмірде кездеседі. Бұл жағдайда маман баланың қызығушылықтарын бақылайды, сол арқылы оқыту бағытын анықтайды. Жағдай мен тақырыпты бала өз бетінше таңдауы тиіс. Сондықтан, баланың таңдауын ескеру қажет.

3. *Вербалды бағыт* сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі. Сабақтар бір оқушымен жеке өткізіледі және анықтамаларды түсінуге негізделеді. Түсініктерді анықтау үшін заттың функционалдық қолданылуын түсіну қажет. Вербалды бағыт кезінде сөздің мәні оның функционалдық

қолданылуы арқылы түсіндіріледі. «Бұл Не?», әрі қарай «Бұл не үшін қолданылады?» алгоритмі пайдаланылады.

4. Оқу үрдісінде негізгі реакцияларды бақылауға негізделген *терапиялық бағыт*. Мотивация, ішкі тәртіптің дағдысы, реакция жылдамдығы және негізгі ынталандырулар байқалады. Тәжірибеге табиғи тілдік парадигма әдісі енгізілді. Бұл бағытта сөйлеу белсенділігін ынталандыру үшін мұқият дайындалған орта қолданылады. Тілді белсенді пайдалану үшін жағдай жасалады. Бұл баланың қызығушылығын арттыратын күнделікті орта болуы мүмкін, сонымен қатар, оқушы үшін бастапқы нүкте болып табылады [20].

АВА-терапия бойынша оқыту бағдарламасы шеңберінде бала әрқашан тәуелді, оның бастамашылдығы мен еркіндігі ересек оқытушыны таңдауымен шектеледі. Әр бала үшін кезең-кезеңмен дамытудың жеке жоспары жасалынды. Бала бір мезгілде өзара байланысты емес бірнеше дағдыларды меңгере алады. Мұғалім жаңа дағдыларды кезең-кезеңмен игерудің нақты жүйесін құрастырады. АВА-терапияның қорытынды мақсаты – балаға қоршаған әлемді өз бетімен меңгеруге мүмкіндік беру[20].

АВА-терапияның ішінде жүздеген бағдарлама бар, олардың ішінде:

- тілді түсіну;
- заттарды атау;
- жалпы және ұсақ моторика;
- заттарды жіктеу;
- іс-қимылдарды атау;
- вербалды және бейвербалды имитация;
- «Иә», «Жоқ» және басқа да сөздерді пайдалану;
- есімдіктер;
- «Әңгімелеп бер»;
- «... болған жағдайдағы әрекетінді көрсет»;
- «Не?», «Кім?», «Қайда?», «Қашан?», «Қалай?» сұрақтарына жауаптар.

- Сонымен қатар, жоғары деңгейдегі бағдарламалар пайдаланылады:
- «Егер ... болса, не болатындығын айт» (әрекеттің нәтижесін болжау)
- «(құрдасының аты) сияқты жаса»;
- «(құрдасының аты) ойнауға шақыр» және т.б. [18].

АВА-терапияда бірнеше терапиялық модельдер бар, олар ерте балалық (1,5 жастан бастап), мектепке дейінгі және мектеп жасындағы, жасөспірімдер мен ересектер үшін дайындалған.

АВА-терапия бойынша маман басында баланың мінез-құлқының мәселесін анықтайды, одан әрі «өлшеу» жүргізеді (мінез-құлықты зерттейді және бақылайды), нәтижесінде бағалау жүргізіледі және оқыту стратегиясы («араласу») жасалынады.

АВА-терапия бойынша оқу кезінде баламен күнделікті әртүрлі бағыттағы бірнеше мамандар (мінез-құлық дағдылары бойынша дефектолог,

арттерапевт, музтерапевт және т.б.) айналысады, ал бақылауды супервизор әдістемесі бойынша маман жүзеге асырады. Мамандар баламен екі-үштен бес-алты сағатқа дейін жүйелі түрде жұмыс жасайды. Бағдарламалар бойынша барлық іс-әрекеттер баламен жұмыстың жалпы журналына жазылады және мамандардың қызметін сүйемелдейді.

АВА-терапия бағдарламалары балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты үйде, оқу орнында, балалар үйірінде орындалуы мүмкін. Сабақтар жеке және топтық болуы мүмкін: кішкентай топтарда екі-үш бала және үлкен топтарда бес-он балаға дейін. АВА-терапия жеке оқыту жоспарының бөлігі болуы мүмкін. Оқу бағдарламасындағы сағаттар саны баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін. АВА-терапия бағдарламасында орташа сағат саны аптасына 20 сағатты құрайды. Ең аз уақыт - аптасына 6 сағат, ең көп уақыт – аптасына 40 сағат.

Баланың ата-анаасы баламен жұмыс жасайтын топтың ажырамас бөлігі болуы, баланы оқытудағы мінез-құлық қағидалары негізінде тәрбиелеуі және оған бағдарламада үйренген барлық дағдыларды жинақтауға көмектесуі маңызды.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін дағдылардың даму деңгейіне қарамастан білім беру жүйесінде оқыту ұсынылады. Себебі, үйде оқыту - бала құрдастарының тобында болу, топта оқыту, түрлі адамдармен қарым-қатынас сияқты маңызды дағдыларды меңгере алмайтын шектеулі орта болуы мүмкін. Сөйлеу дағдысы төмен балалар үшін немесе бұрын оқымаған және ересектермен өзара қарым-қатынас жасауды үйренбеген балалар үшін ғана кейбір жағдайларда оқыту жеке болуы мүмкін.

